

﴿اتَّقُوا اللَّهَ وَلْتَنْظُرْ نَفْسٌ مَّا قَدَّ مَتٌ لِّغَدٍ﴾

| سورة الحشر: ١٨ |

Әрбір жан өзінің ертенге не
дайындағанына қарасын

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Әділ жаза

Кімде-кім Аллаһқа иман келтіріп, Оны дәріптейтін болса, Оның кез-келген кемшілік пен айыптан Пәк әрі Кемел екендігіне айқын сенуі қажет. Кемелдік сипаттарының бірі – әділдік. Аллаһ Тағала – Әділ, Ол ешкімге зұлымдық жасамайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағаланың былай дегенін жеткізген:

إِنِّي حَرَمْتُ الظُّلْمَ عَلَى نَفْسِي, وَجَعَلْتُهُ بَيْنَكُمْ مُحَرَّمًا

«Мен Өзіме әділетсіздікті (зұлымдықты) тыйым салдым және оны сендер араларыңда да харам еттім»

(хадисті Муслим, 2577 жеткізген).

Аллаһ Тағала әділдік пен ақиқат таразысын орнатты, әрі көктер мен жерді ақиқат пен әділдік ұстап тұр. Кімде-кім бұл тепе-теңдікті бұзуды, әділдік таразысын шайқалтуды, әділдікті аяққа таптауға талпынатын болса, Аллаһ Тағала міндетті түрде оны жауапкершілікке тартып, таразыны тепе-теңдікке қояды. Аллаһ Тағала әділетсіз жәбірлеушілерден қақысыз жәбір көргендердің қақыларын талап етіп, оларды өтеткізеді.

Дегенмен, біз өте көп залымдардың, жәбірлеушілердің және әділетсіз адамдардың жасаған қиянаттарының жазаларын толық алмай-ақ бұл дүниеден өтіп кетіп жатқанын, әрі, керісінше, көптеген әділетсіз жәбірленушілер мен құлымдыққа ұшырағандардың өз бұзылған қақыларының өтемақысын ала алмай, жер бетіндегі өмірлік жолдарын аяқтағандарын көреміз.

Бұл жайт әрбір мұминге адам өлген соң оның жердегі жасаған істері үшін Ақырет өмірінде сот пен жазасы бар екендігін даусыз дәлелдейді. «Мен Жаратушыға сенемін, алайда адам өлгеннен кейін оның амалдары үшін үкім, есеп болатындығына күмәнданамын», - деп айтатындар да бар. Біз ондай адамдарға: «Егер сендер Жаратушыға сеніп, Оны танып, құрметтесеңдер, онда Ақырет есебінің бар екеніне еш күмәнданбас едіңдер», - деп айтамыз. Аллаһқа деген сенім Мәңгілік өмірге және Аллаһ Тағала адамзаттың барлығын, Адамның бүкіл ұрпағын, олардың алғашқылары мен соңғыларын, олардың барлықтарына не істегендерін көрсету үшін, залымдар мен құдайсыздардан кек алып, зәбір көрген адамдардың залымдардан көрген зұлымдықтарының өтемін алу үшін және

әділдік Таразысын қалпына келтіру үшін жинайтын, Ұлы Сот күні болады деген сеніммен тығыз байланысты.

Аллаһ Тағаланың адамзатқа жіберген барлық пайғамбарлары мен елшілері, олардың ішінде Нух, Ибраһим, Муса, Иса және Мухаммад (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), сондай-ақ Аллаһ Тағала түсірген барлық Кітаптар, олардың ішінде Таурат, Інжіл және Құран – адамдарды осы Қиямет күні жайлы ескертіп, осы күнге дайындалуды бұйырды. Біз әрбір намазымызда ең ұлы сүре – «әл-Фатиха» (яғни «Ашушы» деген, Құранды ашатын оның бірінші) сүресін оқимыз. Біз бұл сүрені оқығанда, мына сөздерді айтамыз:

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ

«Бүкіл мақтау бүкіл әлемнің Раббысы Аллаһқа тән»

الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

«Аса Мейірімді, ерекше Рахымды»

مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ

«Қиямет күнінің Патшасы»

(«әл-Фатиха» сүресі, 2-4 – аяттар).

Бұл - Жаза күні (Яум әд-дин). Бұл күн осылай аталуының себебі - онда бәріміз өз амалдарымыз үшін өтеу, жаза: яғни жақсылығымыз үшін - жақсылық, жамандығымыз үшін - жамандық алатындығымызда.

فَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْرًا يَرَهُ

وَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُ

«Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, соны көреді. Әрі кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істеген болса, соны көреді»

(«әл-Зилзалә» сүресі, 7-8 – аяттар).

Бұл дүниедегі, яғни жердегі өмір «Яум әл-ғамәл» (Іс-амал күні), ал Мәңгілік өмір – Яум әд-дин (Жаза күні) деп аталады. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрнекті сахабасы әрі тура жолмен жүргізілген ізгі халифалардың бірі – Али ибн Абу Талиб былай деген екен:

«Дүниелік өмір бізге теріс бұрылып алыстай жөнелуде, ал Мәңгілік Ақырет өмірі бізге бет алып жақындап келуде, әрі бұл екі өмірдің әрқайсысының өз ұлдары (масат тұтып, сүюшілері) бар.

فَكُونُوا مِنْ أبنَاءِ الْآخِرَةِ وَلَا تَكُونُوا مِنْ أبنَاءِ الدُّنْيَا، فَإِنَّ الْيَوْمَ عَمَلٌ وَلَا حِسَابَ، وَغَدًا
حِسَابٌ وَلَا عَمَلٌ

*Ендеше, дүниелік өмірдің ұлдары болмай, Ақырет өмірінің ұлдарынан болыңдар,
өйткені шын мәнінде, бүгін амал жасау бар, бірақ есеп беру жоқ, ал ертең есеп беру бар,
бірақ амал жасау жоқ болады»*

(имам әл-Бухари өз жинағындағы жүректерді жұмсарту кітабының тарауларының бірін осы сөздермен атаған).

«Ертең» – яғни Мәңгілік, Ақырет өмірінде – бұл дүниеде жасалған істер үшін есеп болады, бірақ Жаратушының және Оның құлдарының алдында тұратын кезде, ешкімде өз істегендерін түзету үшін жақсылықтар жасауға да, тәубе етіп, қолдан жіберіп алған нәрселерді қалпына келтіруге де мүмкіндік болмайды. Өйткені іс-амалдар жасаудың уақыты бітіп, есеп пен жаза уақыты басталады.

Жаратушымыздың ең көркем есімдері бар. Бұл есімдер көп, олардың нақты санын тек Оның өзі ғана біледі. Әрі сол есімдердің бірі – әд-Дайян, яғни пенделерін есепке тартып, олардың іс-амалдарын бағалап, сый-жазасын беруші Қазы. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағаланың Қиямет күні барлық адамдарды жалаңаш, сүндеттелмеген және ешнәрсесіз болған хәлдерінде жинап, кейін алыстағылар да, жақындағылар да еститіндей дауыспен шақырып, былай деп айтатынын жеткізген:

أَنَا الْمَلِكُ، أَنَا الدَّيَّانُ، لَا يَنْبَغِي لِأَحَدٍ مِنْ أَهْلِ الْجَنَّةِ أَنْ يَدْخُلَ الْجَنَّةَ، وَلَا يَنْبَغِي لِأَحَدٍ مِنْ أَهْلِ النَّارِ أَنْ
يَدْخُلَ النَّارَ، وَعِنْدَهُ مِظْلَمَةٌ حَتَّى أَقْصَهُ مِنْهُ حَتَّى اللَّطْمَةِ

«Мен Патшамын, Мен Қазымын! Жәннат тұрғындарынан әлдебіреу әрі Тозақ тұрғындарынан әлдебіреу, егер ол басқа біреуге әділетсіздік жасаған болса, Мен одан әділетсіздікке ұшыраған адамға өз қақысын, тіпті ол бір шапалақ болса да, алып бермегеніме дейін Жәннатқа да, Тозаққа да кірмейді».

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздерді айтқанда сол жерде болған адамдар: «Бұл қалай болады? (яғни қылмыскерлер ренжіткендеріне несімен төлейді?) Біз Аллаһқа жалаңаш және ештеңесіз келмейміз бе?!», - деп сұрады. Сол кезде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

بِالْحَسَنَاتِ وَالسَّيِّئَاتِ

«Жақсы және жаман істер арқылы», - деп жауап берді.

(хадисті Ахмад, 16042 және әл-Хаким, 3638 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих әт-тарғиб уә әт-тархиб» еңбегінде сенімді деп атаған, 3608).

Яғни Аллаһ Тағала адамдардың істеген жақсылық пен жамандықтарының не не сыйын не жазасын береді, ал адамдармен есеп айырысу жақсы және жаман амалдар арқылы жасалады. Қылмыскерден ол ренжіткен адамның пайдасына ақша, динар мен дирхам, алтын мен күміс алынбайды, өйткені мұның бәрі – ақша, дүние-мүлік, зергерлік бұйымдар осы дүниеде қалады. Одан жасаған жақсылықтары алынатын болады. Аллаһ Тағала одан оның жақсылықтарын алып, ол ренжіткен пенделеріне береді, ал оның жақсылықтары таусылып қалса, онда Аллаһ Тағала оның тарапынан зәбір көрген адамдардың күнәларын алып, сол қылмыскерлерге лақтырады да, кейін оны Тозақ отына тастайды.

Бұл өте қиын күн болады. Сондықтан Аллаһ Тағала бізге оның сұмдық қорқынышты екенін түсіндіруді қалап:

وَمَا أَذْرَاكَ مَا يَوْمَ الدِّينِ

«Сен Қиямет күнінің не екенін білесің бе?», - деген.

Қиямет күнінің ұлылығын сызып көрсетуге бағытталған бұл сұрақ осы күні адамзатты күтіп тұрған қорқынышты және ұлы оқиғалардың орасан зор ауқымын айқын түсіну мүмкіндігін береді.

ثُمَّ مَا أَذْرَاكَ مَا يَوْمَ الدِّينِ

«Сасын тағыда Қиямет күнінің не екенін қайдан білесің?»

يَوْمَ لَا تَمْلِكُ نَفْسٌ لِّنَفْسٍ شَيْئًا وَالْأَمْرُ يَوْمَئِذٍ لِلَّهِ

«Ол күні ешбір жан басқа біреуге еш нәрсемен көмектесе алмайды. Әрі сол күні әмір Аллаһқа тән»

(«әл-Инфитар» сүресі, 17-19).

Бірде-бір жан, яғни кез-келген адам, ол қаншалықты ұлы және атақ-мәртебелі болса да, басқа адамға, тіпті егер сол адам ол үшін бұл дүниеде ең қымбат және ең сүйікті болса да, тіпті ең кішкентай нәрсемен де көмектесе алмайды. Ол оның бір күнәсін де өз мойнына ала амайды және оған өзінің тіпті бір жақсы, Аллаһқа ұнамды амалын да бере алмайды.

وَالْأَمْرُ يَوْمَئِذٍ لِلَّهِ - «Әрі сол күні әмір Аллаһқа тән», яғни сол күні Хақ Патшадан басқа ешқандай билеушілер де, патшалар да болмайды, адамдардан ешкімде ешқандай билік болмайды, патшалар да, президенттер де, билеушілер де қалмайды. Сонда Аллаһ Тағала:

«Мен Патшамын! Жердегі патшалардың барлығы қайда?», - деп сұрайды.

Ол, яғни Жаратушымыз әрі Раббымыз өзінің бүкіл ұлылығы мен кемелдігінде келіп, жаратылыстарының арасында әділдікпен үкім жасайды.

Ақыл-парасатты әрі есті адам, міне, осы кездесуге дайындалып, тақуалықты жинауы керек, өйткені тақуалық – ең жақсы қор.

Аллаһ Тағала былай деген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ وَلْتَنْظُرْ نَفْسٌ مَّا قَدَّمَتْ لِغَدٍ وَاتَّقُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ خَبِيرٌ بِمَا تَعْمَلُونَ

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар. Әрі әрбір жан өзінің ертеңі үшін не дайындағанына қарасын. Аллаһтан қорқыңдар! Шәксіз Аллаһ не істегендеріңді толық біледі»

(«әл-Хашр» сүресі, 18-аят).

Бұл аят оны естігендердің барлығына өзін өзі есеп беруге және ертеңгі күн үшін не дайындағаны туралы ойлануға ең күшті түрткілердің бірі болып табылады.

«Әрбір жан өзінің ертеңі үшін не дайындағанына қарасын». Бұл «ертең» әрқайсымыз үшін нақты белгіленген, алайда Аллаһқа ғана мәлім уақытта басталады. Сіз үшін «ертеңіңіз» бүгін немесе үш күннен, немесе бір айдан, немесе бір жылдан кейін келуі мүкін. Ешбір жан қашан және қайда өлетінін білмейді. *«Егер кешке дейін өмір сүрсең, таңды күтпе, ал егер таңға дейін өмір сүрсең, кешке дейін өмір сүруге үміттенбе».* Сіз бұл дүниені күндіз бен түннің кез келген уақытында тастап кетуге дайын болуыңыз керек. Демек, тақуа, яғни Аллаһтан қорқатын болуға асығу қажет, бұл үшін Аллаһқа кейінірек емес, дәл қазір мойынсұну қажет, Оның әмірлерін орындауды және тиымдарынан бас тартуды ертең емес, дәл бүгін бастау қажет. Осылайша сіз арғы дүниеге деген ұзақ сапардың алдында ең жақсы жүк, яғни тақуалық жүгін дайындайсыз.

وَتَزَوَّدُوا فَإِنَّ خَيْرَ الزَّادِ التَّقْوَى وَاتَّقُونِ يَا أُولِي الْأَلْبَابِ

«Және де азық алыңдар. Расында, азықтың ең жақсысы – тақуалық. Әй ақыл иелері! Ендепе, Менен қорқыңдар»

(«әл-Бақара» сүресі, 197-аят).

Сіз өз істеріңізді үнемі талдап, олардың қандай екендігін бағалап, Аллаһтың алдында осы амалдарыңызбен тұрғыңыз келеді ме, әлде жоқ па деп ойлануыңыз қажет. Әрі ең бірінші кезекте, Аллаһ Тағаланың парыз нұсқауларын орындауыңызға және Аллаһ Тағаланың қатаң түрде тыйым салған нәрселерінен бас тартуыңызға ерекше көңіл бөлу керек. Содан кейін діннің қосымша, міндетті емес, бірақ сауапты нұсқауларына назарыңызды аударыңыз.

Жаратушыңыз міндет етіп жүктеген намаздарды қалай орындайтыныңызға: яғни сіз оларды лайықты түрде оқып жүрсіз бе, намаздың барлық тіректерін, шарттары мен уәжіп нұсқауларын орындайсыз ба, оларды өз уақытында кешікпей өтеп жүрсіз бе, өз намаздарыңызда Аллаһқа деген тағзым-итағатпен мойынсұнған түрде тұрасыз ба – міне осыған басты назар қойыңыз! Кейін басқа міндеттеріңіздің орындалауы жайлы ойланыңыз. Сізде бәрі жақсы ма, әлде кемістіктер мен бұзушылықтар көп пе? Егер амалдарыңызда әлдебір жақсы нәрселерді тапсаңыз, онда Аллаһқа көп мақтаулар айтып, Одан сізді бұл істе бекем етуін және осыда сізге табандылық беруін сұраңыз. Ал егер олардың арасында кемшіліктер тапсаңыз, онда оларды түзетіп, тәубе етуге деген мүмкіндікті кешіктірмей қолданыңыз, өйткені сіз әлі қайтыс болмадыңыз, әлі де болса амал жасау әлеміндесіз. Ертең, яғни Қиямет, жаза күні келгенде тәубе етуге және түзелуге мүмкіндік болмайды, сол күні, бұл туралы хадисте айтылғандай, кім өзі үшін игі сый-сауап тапса, сол осы үшін Аллаһқа мақтауларын айтсын, ал енді әмір керісінше болса, онда өзін ғана күнәласын. Сіз әрқашан бұл дүниеден кетуге дайын болуыңыз керек және өлім сізге кенет аңдаусызда үстіңізден түспеуі үшін, сіз сонымен Қиямет күніне аттанатын жүгіңіз әрдайым дайын болуы қажет.

Сахабалар мен олардың ізбасарларынан болған әуелгі ізгі салиқалы ұрпақ өкілдері өздерінің өлімге осындай дайын болуымен ерекшеленген. Олар өздерінің іс-амалдары әрдайым ретке келтіріп отыратыны соншалықты, егер олардың біреуіне: «Өлім періштесі есігіңнің алдында тұр, сен тағы да бірдеңе істеп үлгергің келеді ме?», - деген сұрақ қойылса, ол: «Жоқ, мен кетуге дайынмын», - деп айтар еді. Міне, осы - олардың біздің кезіміздегі көптеген адамдардан айырмашылығы, егер бүгін әлдебір адамға: «Өлім періштесі есігіңе жаныңды алу үшін келді, сенің реттеу керек болған қандай да бір іс-амалдарың қалды ма?», - деп айтылса, бұл сұрақ оның үстінен кенет түседі. Өйткені ол кетуге дайын емес, көптеген іс-амалдарын ретке келтіруі қажет. Ол: «Мен пәлен адамды ренжіттім және оның алдында айыбымды өтеуге үлгермедім», «Менде құқықсыз алған біреудің ақшасы бар, мен оны беруім керек», «Мен әлгі күнәма, сосын әлгі күнәма, әрі басқа да күнәларыма тәубе етіп, кешірім сұрап үлгермедім», «Намазымда да көптеген кемшіліктерім бар, мен әлі намазымды дұрыстауға да үлгердім», «Мен әлі пәлен мал-мүліктен зекет төлемедім», немесе «Мен қажылыққа баруға мүмкіндігім бола тұра бармадым», - деп айтады. Адамдардың сол соңғы сәтте құтылғысы келген, алайда кеш болатын Аллаһтың алдындағы

көптеген бітпеген, жасалмаған, дұрысталмаған, ретке келтірмеген іс-амалдары мен мол қарыздары бар. Өлім - ол күтпеген жерден келеді! Сондықтан да мұсылман адамның өзін үнемі есеп-қисапқа тартуы, өзінің жағдайын қайта қарап, бағалап отыруы, істеген істерінің қаншалықты жақсы немесе жаман екенін, олардың Құран мен Сүннетке қаншалықты сәйкес келетінін немесе одан алыс екенін бағалап өте маңызды. Мұсылман адам әрдайым тәубе етіп, Аллаһқа оралады.

Өлім, есеп беру, жаза не сыйды алу – бұлардың барлығы тез арада-ақ жетіп келетініне сенімді болыңыз. Адамдардың көпшілігі өлімнің қаншалықты жақын екенін тіпті ойланбай, тұман ішінде жүргендей өмір сүреді. Қиял бізге жер бетінде ұзақ және бейғам өмір сүретін жылдарды суреттеп көрсетеді, бірақ шын мәнінде бұл елес пен қиялдан басқа ештеңе емес. Өлім өте жақын. Тіпті егер сіз қауіпті қартайғанға дейін өмір сүрсеңіз де, бәрібір өлім сізге өте тез әрі кездейсоқ келуімен таң қалдырады. Кейін, шындықтың көзіңе қарау керек – ал бұл адамдардың көп бөлігінің қартайғанға дейін өмір сүрметіні. Біз тәубе мен күнәлардан тазаруды кешіктіруге, иман мен тақуалықты, намазды, зекет пен басқа да игі істерді кешіктіріп, кейінге қалдыруға уақыт жоқ екенін жеткізу үшін айтып отырмыз. Біздің әрқайсымыздың жер бетіндегі өмір сүруіміздің мөлшер-мерзімі нақты өлшенген, әрі бұл мерзім Аллаһпен секундасына дейін белгіленген және Көктегі Кітапта (әл-Ләух әл-Махфузда) жазылып қойылған. Ол «ажал» деп аталады. Оны өзгерту, ұзарту немесе қысқарту мүмкін емес. Әрқайсымыз адамдар біз жайлы: «Пәлен қайтыс болыпты», - деп айтылатын күнге тоқтаусыз әрі жылдам жүріп бара жатырмыз. Көп ұзамай көзіңіздің жанарлары сөніп, жаныңыз көмейіңізге келіп, денеңізді тастастап кететін және жақында ғана тірі болған көздеріңізге жамылғы жабылатын күн, сағат және минут келеді. Әрбір сәт өзінің өтіп баруымен, сіздің жақын арада бұл дүниеден кетуіңізді еске салады. Ендеше, неліктен сол күнге дайындалуымызды кешікпей бастамасқа, уа мұсылман қауым? Неліктен Аллаһ Тағаланың:

اِقْتَرَبَتِ السَّاعَةُ

«Қиямет жақындайды», - деген ескертуіне

(«әл-Қамар» сүресі, 1-аят).

Және:

وَاتَّقُوا يَوْمًا تُرْجَعُونَ فِيهِ إِلَى اللَّهِ ثُمَّ تُوَفَّى كُلُّ نَفْسٍ مَّا كَسَبَتْ وَهُمْ لَا يُظْلَمُونَ

«Сендер Аллаһқа қайтарылатын, кейін әркімнің істегені өзіне кемітілмей толық берілетін күннен қорқыңдар», - деген сөздеріне құлақ салмаймыз?

(«әл-Бақара» сүресі, 281-аят).

Біздің әрқайсымыз мезгіл-мезгілімен өзімізді дүниелік өмірдің мастығынан сергітетін және оның сергелдеңінің тұңғығынан шынайы болмысқа қайтаратын ескертуге мұқтажбыз. Өйткені Аллаһ Тағала:

وَذَكِّرْ فَإِنَّ الذِّكْرَى تَنْفَعُ الْمُؤْمِنِينَ

«Ескерт, расында ескерту мұминдерге пайда береді», - деп айтады